

«БЕРІК ҚОРҚЫТОВ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ БАТЫС ӨЛКЕ БИЛЕРІ»

Омарова Айгуль Саденбаевна

[Aigul14\\_92@mail.ru](mailto:Aigul14_92@mail.ru)

«Тарихшы педагог» білім беру бағдарламасының 1 курс магистранты

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ.,

Қазақстан Республикасы

Ғылыми жетекшісі, т.ғ.к. Кайргалиева Г.К.

Өз өлкесінің тарихын таныту – ұлттық рухты асқақтатудың басты шарты. Осы жолда аянбай еңбек етіп, Атырау өңірінің ұмытыла бастаған тұлғаларын қайта тірілткен бірегей тұлға – Берік Ыбырашұлы Қорқытов. Оның қаламынан туған шежірелі еңбектер өлке тарихының жаңа белестерін ашып берді. Ол жай ғана қаламгер емес, өлке тарихының «ақтаңдақ беттерін» толтырып, аймақтық тарихнаманы байытқан ізденімпаз зерттеуші. Берік Қорқытовтың өлкетанушылық мұрасы – Атырау өңірінің өткені мен бүгінін жалғаған «алтын көпір» тәрізді. Оның еңбектеріндегі деректілік пен тарихи шынайылық бүгінгі өлкелік тарих ғылымы үшін құнды дереккөз болып табылады. Зерттеуші өлке тарихын тұлғалар тағдыры арқылы зерделеуді басты ұстаным етті. «**Атырау билері мен батырлары**» кітабында есімі көмескілене бастаған тарихи тұлғалар мен би-батырлардың өмір жолын мұрағаттық құжаттар мен ауызша шежірені ұштастыра отырып қайта тірілтті. Ақын Н.Әжіғалиев «...Беркес ағамыз – Атырау өңірінде бір кездегі ғұмыр кешкен тарихи тұлғалардың, ақын-жыраулардың, билер мен батырлардың өмірін терең біліп, жан-жақты зерттеп, бүгінгі ұрпаққа табыс етіп келе жатқан қазыналы қартымыз» деп бағалаған.

Атырау облыстық мемлекеттік архивінде сақталған қордағы ақпарат бойынша Берік Ыбырашұлы Қорқытов 1928 жылы 2 ақпанда Атырау (бұрынғы Гурьев) қаласында дүниеге келген. Орта мектепті бітірген соң ол С.М.Киров атындағы (қазіргі Әл-Фараби) қазақтың мемлекеттік университетіне түсіп, оны журналистика мамандығы бойынша бітіріп шығады. Еңбек жолын 1951 жылы облыстық «Социалистік құрылыс» (қазіргі «Атырау») газеті редакциясында әдеби қызметкер болып бастаған, кейін меншікті тілші, бөлім меңгерушісі, жауапты хатшы болып ұзақ жылдар еңбек еткен. 1970 жылы газеттен қол үзбей, Қазақстан Жазушылар одағы басқармасының Атырау облысындағы әдеби кеңесшісі болып сайланып, оны 1989 жылға дейін абыроймен атқарған. Жас кезінен әкесі елге белгілі азамат Ыбыраштың тәлім-тәрбиесін бойына сіңіріп, оқуға, білуге құштар болып өседі. Осы құштарлық, оқып білгенін көңілге тоқыған зеректігі оны қаламгерлік жолға түсірді. Ол қазақ баспасөзінің, Атыраудың билері мен батырларының тарихымен ұдайы айналысып, көптеген зерттеу еңбектерін жариялады [1].

Берік Қорқытов батыс өлкеде өмір сүрген би-батырлар, ақын-жазушылар туралы мәліметтерді әкесі Ыбыраштан ести отырып қағазға түсіргендігін еңбектерінде атап өтеді. «Атырау билері мен батырлары» еңбегінде әкесі Ыбыраштың тоғыз дәптерге жазып алған мәліметтерін жаза отырып, бірінші дәптерде «Естіміш ауыз әңгімеден, әр елдің білетін адамдарынан бірнеше жылдан бері сұрастырып келгенде менің естігенім мына төмендегілер деген сөзбен басталады да, Кіші жүздің рулар шежіресі жазылады. Мұнан әрі Атырау-Жайық бойында өткен батырлар мен билер жайында жазған» – деп тарқатады.

Әкесі Қорқытов Ыбыраш (1900-1978) – Атырау-Жайық өңірі тарихының жетік білгірі, киелі жерін, туған елін қорғаушы батыр, билер мен ағартушылар, шығармалары қағаз бетіне түспеген дүлдүл ақындар, жыраулар туралы халық жадында сақталған ақиқат деректерді жинаушы және оларды ұрпақ санасына жеткізуші ретінде белгілі болған адам [2].

Берік Қорқытовтың шығармашылығында тарихи тұлғалар, соның ішінде билер мен батырлар бейнесі ерекше орын алады. Ол өз еңбектерінде «тұлға арқылы тарихты тану»

әдісін кеңінен қолданды. Ол тек тарихты баяндаушы емес, сол кейіпкерлердің ішкі толғанысын, ел алдындағы жауапкершілігін көркем тілмен жеткізген драматург әрі зерттеуші. Қаламгер билерді ел бірлігін сақтаушы, ішкі дауды әділ шешуші тұлғалар ретінде бейнелейді. Автор билердің сөзіне шешендік оралымдар мен мақал-мәтелдерді орынды қолданып, олардың зияткерлік деңгейін асқақтатады.

Дәстүрлі қазақ қоғамындағы билер институтының сыртқы қарым-қатынастардағы алар орны мен атқарар рөлі жөнінде баяндар болсақ, тарихи деректерде қазақ-орыс байланыстары болсын, қазақ-жоңғар қарым-қатынастары басқалай іс-әрекеттердің алдыңғы қатарында билер жүргендігін мәлімдейді. **Билер халықтың көкейіндегісін айтқан, көмейіндегісін жарыққа шығарған әділет жоқшысы болған.** Осындай билер біздің батыс өлкеміздеде өткен, оны Берік Қорқытовтың еңбектерінде есімдері аталып, өмір жолдары туралы мәлімет берілген Алдар би, Бөкен би, Есет би, Айтуар би туралы деректер нақты дәлелдейді.

Талай дау-дамайға төрелік айтқан Жайық өңірінің атақты билерінің бірі – Алдар би. Оның тарихта Сырым батырдың ақылшысы болғаны белгілі. Шежіреші әкесі Ыбыраштан естігендерін, оның жазып қалдырған артындағы жазба деректерін тірілтіп, бүгінге жеткізген жазушы-драматург Берік Қорқытов «Атыраудың билері мен батырлары» атты кітабында «Тарихқа, ел аузындағы әңгіме, шежіреге сүйенсек, Сырым екі адамға ғана жүтінген. Оның бірі – Алдар, екіншісі – Малайсары» деп нақтылай түседі.

Хандардың ең ақыры Нұралы еді

Төренің Арқар деген ұраны еді.

Хан ұлын Сырым батыр шабарында

Ақылды Алдар биден сұрап еді – дейді ел қариялары.

«Он екі ата Байұлының бірі Беріштің Байсейіт деген баласынан Қитас пен Тілес туады. Қитастан Жайық пен Есенғұл туады да, бұл атадан тарағандар өздерін Жайық-Берішпіз, Есенғұл-Берішпіз деп атайды. Жайықтан Дәулет, Бақалай, Наурыз, Тыныс туады. Дәулеттен Тумаш, Дүйсе, Қара болып тарайды. Тумаштан Ерназар, Жаубасар, Сейіт туады. Ерназардан Алдар, Абдан, Көшім, Мәнтай туады деп Алдар бидің шежіресін тарқатып айтады.

Алдардың шөбересі Дәулетімбетке өлеңмен жазған хатында Мұрат ақын:

...Ерназар Беріш құтпаны, атаң Алдар

Белгісі қас жақсының халқын қамдар.

Дос болғанмен атаңменен Әбілқайыр

Әуелден Беріштен озған бір белгің бар, – дейді. Берік Қорқытов Мұрат ақынның осы өлең жолдарын басшылыққа ала отырып, соған қарағанда Алдар Әбілқайыр ханмен замандас болып шығады, бұл шындыққа сай келеді деп жазады. Ел аузында Алдар қартайып, 80-нен асып қайтыс болды деген сөз бар. Сонда 1705-1710 жылдары туып, 1785-1790 жылдар аралығында қайтыс болады деп көрсетеді. Ал Батыс Қазақстан облысы энциклопедиясында Алдар Ерназарұлы 1705-1795 жылдары өмір сүрген деп жазылған.

Алдардан Тілеке, Меңдіке, Таймас, Есенбай, Тайтоқа туады. Тілекеден Байнақ пен Көккөз туады. Байнақтан Машақ пен Сыйқыт туады. Машақтан Дәулетімбет пен Досмұханбет туады. Дәулетімбет Орынбордағы мұғалімдер семинариясын бітіріп, Гурьевтегі орыс-қазақ училищесінің меңгерушісі болып жұмыс істейді. Дәулетімбеттің елге істеген жақсылықтарының бірі сол – ата дәрежесіне, дәулетіне қарамай оқуға талапты, ынталы балаларды ғана алған, кедей-кепшік, жоқ-жітіктердің балаларына ғана қамқорлық жасап, олар үшін өз жанынан қаражат бөліп беріп отырған. Мұрат ақын Дәулетімбеттің осы қасиетіне риза болып, 1879 жылы Маңғыстауда жүріп былай деп арнайы өлеңмен сәлемхат жолдайды.

Сәлемде інімізге Дәулетімбет

Сәлемді беру парыз, алу сүннет.

Қауысып аман болса жолығармыз

Әзірге жазып тұрмын сәлем-құрмет.

Сәлемді алу сізден, беру бізден  
Шырағым, көргенім жоқ былтыр күзден.  
Болмаса қауыса алмай жүргенміз  
Ойлама бар деп шүбә көңілімізден.  
Шырағым, келдің бе аман Орынбордан  
Бұрынғы талап етіп кеткен жолдан.  
Құдайым талабыңды қайырлы еткей  
Деп едім бәрімізге болар қорған.  
Құдықтың жаңа шыққан көзі емессің  
Бұлақтай ата-бабаңа билік қонған.  
Ерназар Беріш құтпаны, атаң Алдар,  
Белгісі қас жақсының халқын қамдар.  
Дос болған атаңменен Әбілқайыр,  
Әуелден Беріштен озған бір белгің бар.  
Асылдың азбай жүрген тұқымы едің  
Шырағым, адаспас деп үмітім бар.  
Көп білім кеудең толы, аузыңда иман  
Атаңыз ақ талаптан нәсіп жиған.  
Қызығын дүниенің көрмек үшін  
Құдайым дәреженің бәрін қиған.  
Бар құдай өмірінді ұзақ еткей  
Бала деп үміт еттім баққа туған.

Міне, ақынның осы өлеңінің өзінен Алдардың қандай жан болғаны айқын байқалады.

Алдар заманында айналасына ықпалы күшті, сөзі өтімді алымды да айбарлы болған. Бір тайпа елді уысында ұстап хан-төрелермен терезесі тең отырған. Оларға кейде тізесін батырып, өз дегенін істеткен жерлері де болған. Мұрат ақын «Дос болған атаңменен Әбілқайыр» деп Алдардың осындай істерін айтып отыр. Өзі де, кейінгі ұрпақтары да дәулетті болған, малы мен мүлкінің қызығын көрмейтін кейбір байлардай дүниеқоңыз болмаған. Бар дәулетті ел игілігіне, өз қажетіне жұмсай білген Алдардың Төремұрат деген шөбересі орысша білім алып, Тайсойған елінде болыс болған, 1894 жылы Орал облысы делегациясының құрамында екінші Николай патшаның таққа отыру салтанатына қатысқан.

Досмұхамедтен туған Халел әдеби һәм тарихи мұраларды зерттеді. Жан-жақты ғалым болды. Профессор атанды. Халел Алдарға шөбереден туған шөбелтай болып есептеледі.

Қазақтың атақты билерінің бірі – Бөкен би. Берік Қорқытов еңбегінде Атырау алқабында XVIII ғасырда дүниеге келіп XIX ғасырда дүниеден өткен от ауызды, орақ тісті билердің арасында жас жағынан үлкені – Бөкен би деп көрсетеді. Бөкен ең алдымен ел ішінің бүтіндігін, татулығын тілеген адам, дәулетке мастанып, бақ, атақ, дәреже үшін дауласып, құн алып, құн берісіп жататындарды жақтырмаған, ондай жерлерге барғысы келмеген. Барса әділет үшін, белділердің әлсіздерге істейтін озбырлығына жол бермеу үшін барған, әділдік, туралық жолында басы кетсе де, тайынбаған.

Бөкенді ай сайын әр ауылдың атақты ақсақалдары, билері арнайы шақырып, әдейілеп күткен. Бірде кезек көршілес ауыл Саркелді жайлап отырған Асау биге келеді. Бөкен Асаудан 9 жас үлкен. Айтулы уақытында Бөкен келеді, ауылдың үлкен-кішісі анталап қарсы алады. Асау Бөкенді сөйлету үшін сабақтап сөз тартып: Бөке, осы күні келіндер бір мінез шығарып жүр, түрулі керегенің көзінен көреді де, мына шал тағы келе жатырма дейді, бұл неткені? деп сұрайды.

Бөкен: - Брысыңның кеткені, деп жауап береді.

Асау: - Үйге үлкен кісі келіп қалды, мал соя қойыңдар десең осы шалдар-ақ жатпайды екен, үйлерінен су шығама деп ренжіп, жастар мал союға ерінеді, бұл неткені? деп сұрайды.

Бөкен: - Аузының кепкені, - деп жауап береді.

Асау жан-жағына қарап алып: Бөке, қонақ неше түрлі болады? – деп сұрайды.

Бөкен: Ұдайы қонақ, құдайы қонақ, қыдырма қонақ, қылғынба қонақ деген төрт түрлі қонақ болады, ұдайы қонақ деп мына мен сияқты арнайы шақырғанды айтады, құдайы қонақ деп күтпеген жерден жолаушылап келе жатып, ат басын тірегенді айтады, қыдырма қонақ ден апта сайын айналып келе беретіндерді айтады, қылғынба қонақ ден үйдің түтінін бағып күн сайын келетіндерді айтады, деп жауап береді.

Асау: - Бөке, қазақ қонақ-қонсы дейді, соның қонағы кім, деп сұрайды.

Бөкен: - Қонақ деген мына мен, Асаудың үйіне Бөкен келіпті, барып амандасалық, сәлемдеселік деп келіп отырған мыналар қонсы, деп жанында отырғандарды көрсетіп, жұртты бір күлдіріп алады. Міне, осы әңгімелерде қаншалықты астарлы сөздер, тәрбиелік мәні бар ұтымды ұғымдар жатыр!

Асау: Бөке, жігіттің неше жұрты бар? деп тағы сұрайды.

Бөкен: - Өзің қанша жұрты бар деп білесің? деп кері сауал қояды.

Асау: - Өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты бар деп айтады, өз жұрты күншіл, нағашы жұрты сыншыл, қайын жұрт міншіл келеді деп айтады, дейді.

Сонда Бөкен: Асаужан-ай, әлі де аз біледі екенсің жігіттің күндемейтін, сынамайтын, мінемейтін бір жұрты бар ол алаштың азаматы ғой, дейді. Міне, адамды жікке, жұртқа, руға бөлуді білмеген білікті ағаларымыздың аузынан осындай ұлағатты дуалы сөздер шыққан.

Ел ішінде Қыздарбай бидің «Еламанды елге теңедім, ешкіні қойға теңедім» деген сөзі бар. Ол сөздің мәні мынадан шыққан. Он екі ата Байұлының бірі Шеркештен Қойыс, Жауғашты, Шумақ, Қылыш, Кестен тарайды. Шеркештен Қосым, Досым бөлінеді. Қойыстан Қаракемпір, Сақау, Сүйініш, Еламан, Қашқыншы болып өрбиді. Бұларды «бес Қойыс» деп атайды. Осы бес Қойыстың бірі Еламан ел аузына көп алына қоймайтын, ешкім елеп-ескеріп бара қоймайтын елеусіздеу жуас ауыл болыпты. Бір күні осы Еламан ауылына Қыздарбайдың үйіне күтпеген жерден Бөкен келіп қалады. Соя тастайын десе, Қыздарбайда ірі мал түгіл қойда жоқ, қысылғаннан ешкі сойып береді. Келесі ауылға барғанда дәмге емес, ниетке риза болған Бөкен: – Қыздарбайда болып, қой жеп шықтым, – деп үй иесінің малын сойдырмайды. Осы сөз елге таралады да, Қыздарбайдың жоғарыдағы сөзі ел ішінде мақал-мәтелге айналып кетеді. Міне, Бөкен елге сондай сыйлы болған адам.

Бөкен би он екі ата Байұлының бірі Есентемір руына жатады. Есентемір Көн және Тағашы болып бөлінеді. Бөкен осы Көннен тарайтын Қосыл деген атасынан шығады, 1771+ жылы туып, 1857 жылы 86 жасында дүниеден өткен.

Бөкен сөздері 1908 жылы Қазанда Мақаш Бекмұхамбетовтың «Жақсы үгіт» кітабынан бастап, әр жылдарда шешендік жайында шыққан кітаптарға еніп келеді. Соңғы жылдары әдебиетші ғалым Б. Адамбаев құрастырған жинақтарға жиі еніп жүр.

Толғаулары мен шешендік сөздері ел арасында кеңінен таралған билердің бірі – Есет би. Берік Қорқытов батырлар, ақындар сияқты, билердің де түр-түрі болған. Күн көріс үшін бірде оған, бірде бұған бұратын бұқпантай жалтақ билер, әкімнен аса алмай, әділ төресін бере алмай қалтақтайтын тағасы жоқ тайғанақ билер, қарсы алдында хан емес, құдай тұрса да, қаймықпай, қара қылды қақ жарып турасын айтып қасқайып қарап тұратын ата билер болған. Бірақ мұндай билер аз болған. Сол аздардың бірі – осы Есет деп жазады.

Есет 1779 жылы Қарабау деген жерде (осы күнгі Қызылқоға ауданы) дүниеге келеді. Есеттің қайда оқығаны белгісіз, білім, билік жағынан алдына жан салмаған, төбе би атанған адам. Баймағамбет Айшуақов сұлтан-правитель болып, ел билеген заманда ақылшы билерін іріктеп ала білген. Оның ақылшы билері Байбақты руынан атақты Сырым батырдың баласы Қазы, Беріш руынан Есет пен Айтуар болған. Сол кезде Әлімұлы, Жетіру, Байұлы даулы болып түйінге келе алмай, ел арасы бүлініп берекесі кете бастайды. Баймағамбет сұлтан үш рулы елдің билерін алдырып, алдымен сөзді Байұлының биі деп Есетке береді. Есеттің «Өткен өрел, қалған салауат» деген бір ауыз сөзіне Әлімұлы да, Жетіруда риза болып тоқтап, «бұл Беріш Есет бидің тұсаукеспе деген билігі болсын» деп бата беріп тарасқан.

Содан кейін бұл үш рулы ел арасында дау-далаба тыйылған, Есет Кіші жүзге ортақ төбе би атанған.

Есет заманы қарағай басын шортан шалған қилы кезең болатын. Соның ішінде ата-бабасы ежелден хан тұқымымен қағысып, төре тұқымымен төбелесіп өткен Есетке оңай түскен жоқ. Есеттің әкесі Қараның хан тұқымымен сыйыспай, қақтығысып өткені жайында Москвадағы АВПР (Архив Внешней Политики России) архивінде «1774 г. июня 25. Рапорт майора М. Ваганова, посланного к хану Нурали в связи с Пугачевским восстанием, в Астраханскую губернскую канцелярию» деген документ бар. Сонда былай деп жазылған жолдар бар: «...на что выговорил хан, что-де по Волге разоряли киргисцы безвинно и его, хана, не послушали, а был тут предводителем Бершева рода Кара-батыр Итемгенов, который еще зимою, как был на разбое в Астрахани и оттуда возвратясь, укоевал по Мангишлак в называемое тамо местечко Айраклы». Міне, бұл документке қарағанда Есеттің хан тұқымымен дәм-тұзы әуелден ата-бабасынан бері жараспай, өзіне де жеңіл болмағанын көреміз. Жасы алпыстан асқанда Исатай-Махамбетке жақтасып, одан қуғын-сүргінге ұшыраған Есет тоқсан жасаса да, күн тыныш отырып, бел шешіп тамақ ішпеген адам. Түн ұйқысын төрт бөліп, қысқа күнде қырық рет дауға түсті, шыбындай жанын шүберекке түйіп, шырылдап барып жауға да түсті. Бірақ даудан ығып саспады, жаудан бұғып қашпады. Өмірінің қандай болып өткенін өзінің:

Заманында өзімнің  
Еңсеріскен ер көрдім,  
Белсеніскен бел көрдім,  
Жасанысқан жау көрдім,  
Тізелескен дау көрдім,  
Үрікпедім, саспадым,  
Бір өтірік болмасын  
Табаным тайып қашпадым.  
Қанды көйлек жолдасты  
Сары алтындай сақтадым...деген сөзінен айқын көреміз.  
...Мен, мен едім, мен едім  
Қатарға салсаң қайыспас  
Қас қара нар мен едім.  
Шабуыл салса шаршамас  
Шыны тұлпар мен едім.  
Су шашырап, жел тимес  
Аударылмас қара кеме мен едім.  
Қасарысып келгенде  
Қап түбіне сыймаған  
Таза болат мен едім.  
Қияннан ұшқан қу ілген  
Анық сұңқар мен едім.  
Тегеурінім теріс біткен  
Тепсем жілік сындырған

Қыран бүркіт мен едім... – деген сөзінен Есеттің қандай адам болғанын тағы анықтай түсеміз. Мұны Есетке өз сөзімен берілген ел бағасы, азаматтық анықтамасы деп білуіміз керек.

Уақытша жеңіліс тауып, Жайықтың шығыс бетіне өтіп, Әлім, Адай елдерін аралап жүргенде Исатай мен Махамбет Есетке кездеседі. Бұл кездесуді Ы. Шөреков өзінің «Исатай-Махамбет» дастанында былай суреттейді:

...Алшынның ұлын бітіріп  
Табамын деп есепті...  
Алайда жүрген тауыпты  
Ағасы дана Есетті.

Ар жағы Беріш-Байсейіт  
Тумада жақын есепті.  
Ел сағынған Есет би  
Бауырын көріп балқыды,  
Теңіздей тасып шалқыды,  
Керек десе мал түгіл  
Бергендей ойып төс етті.  
Тірілгендей өлгені  
Інісін көрді Есет би  
Ер арыстан мүсінді.  
Бұлардың жүрген мәніне  
Сөйлесіп әбден түсінді...

Бұл ақынның қиялынан туған аңыз емес, тарихи шындық. Сонда алпысқа келіп қалған Есет өзінің марқайып қалғанына өкініп, Исатайға: - бетіңнен қайтпа, – деп ақыл береді. Бұл жер дастанда былай деп жырланады:

...Патша менен төреден  
Орынсыз келген қысымды  
Ашумен Есет ісінді.  
Патша менен төреге  
Шығуға қарсы керек деп  
Алшынның үш баласын  
Басын қоспақ керек деп  
Қаны қызып қыжынды...

Есеттің сөздері мен өсиет-өлеңдері алғаш рет Мақаш Бекмұхамбетовтің көзі тірісінде тапсырып, 1908 жылы Қазанда шыққан, «Жақсы үгіт» деп аталатын кітапқа енді. Одан кейін Халел Досмұхамедов құрастырып, Ташкентте бастырған «Аламан» атты жинаққа енді. С.Сейфуллиннің 1931 жылы шыққан «Қазақ әдебиеті оқулығына», С.Мұқановтың қазақ әдебиетінің тарихы жайында әр жылдарда жазылған ғылыми-зерттеу еңбектеріне енді. 1972 жылы «Ақберен» жинағына, 1977 жылы С. Садырбаев құрастырған «Қазақ халқының ауыз әдебиеті» кітабына, 1981 жылы Х.Сүйіншәлиевтің «XVIII-XIX ғасырлардағы қазақ әдебиеті» еңбегіне, 1984 жылы «Бес ғасыр жырлайды» жинағының бірінші томына кірді. Әдебиет зерттеуші ғалым Қ. Сыдықовтың «Ақын-жыраулар» атты еңбегінде тереңірек қамтылып жазылды.

Есет 1869 жылы 90 жасында бақи дүниеге аттанды. Бейіті осы күнгі Махамбет ауданы, Малайсары деген жерде, Дәрі деп аталатын қауымда. Дәрі мен Есет бір ата, бір анадан туған бауырлас адам.

Батыс өңірінде өткен айтулы да санаулы билердің бірі – Айтуар. Тарихта Исатай-Махамбет деп қосарлана айтылатын егіз есімдей ел аузында «Беріште Есет-Айтуар» деп қоса айтылатын егіз есімнің бірі де осы Айтуар деп жазады Берік Қорқытов. Өйткені Есет пен Айтуар екеуі замандас, бірге жүріп, бірге тұрған, көздері жұмылғанша жұптары жазылмаған. Екеуі де Баймағамбет сұлтанға кеңесші-ақылшы би болып сайланған. Бір ауыздан сөз, бір жеңнен қол шығарып хан тұқымын қақпайлап, қара халыққа таяқ түгіл, сөз тигізбеуге күш салған. Ел аузында Айтуар айтыпты деген сөз көп. Оның бәріне бірдей тоқталып жатпай, хан тұқымы алдында Шеркеш руының батыры Тұрланды айтып келген ажалдан қалай арашалап қалғанын айтсақ та жеткілікті.

Оқиға былай болған. 1850 жыл, Тұрлан өзінің ата қонысы, жаз жайлауы Саркөлге көшіп келгенде, қоныстанып отырған азын-аулақ ауылды көрсе де, көшіп бара жатып, жол-жөнекей күндікше қонып отырған ағайындас ауылдардың бірі болар деп назар аудармайды. Ертеңіне ауылдың мал өргізуге шыққан жігіттері асып-сасып Тұрланға келіп Дәулетқали деген төренің төлеңгіттері алдымыздан шығып, басымызға қамшы үйіріп, малымызды ұрып-соғып, дереу көшіндер деп жатыр, – деп шағым етеді.

Тұрлан атына мініп Дәулетқали төреге келеді де: – төренің елі деген елді көрдің бе, жері деген жерді көрдің бе, жер ауып босып келген ит жеген неме, – деп үйінен желкелеп сүйреп шығып, тарсылдатып қамшының астына алады, осыны барған жеріне айта бар, деп тұла бойын жосадай қып-қызыл қан етіп үйінің алдына тастап кетеді. Тұрлан қарулы адам болған. Тұрланның қайраты жайында Бала Ораз ақын:

...Ол Тұрланның мәнісі  
Төбесі биік ер еді.  
Қарсыласқан дұшпанға  
Құрулы тұрған жебе еді.  
Арыстан деген бір аңды  
Күзеп алды деп еді, – деп жырлайды.

Есін жиып алған соң Дәулетқали Орынборға Әлеке правительге барады. Бұл белгілі Баймағамбет сұлтанның бел баласы. Әлекеге барып, Тұрланнан көрген зәбірін айтып, кегімді алып бер деп шағынады. Төренің елі деген елді көрдің бе, жері деген жерді көрдің бе, ауып босып келген ит жеген неме, – деген сөзді естігенде, Әлеке орнынан жылан шағып алғандай ыршып тұрып, Тұрланды табамын да жоямын деп жанына жасақ алып аттанады.

Әлеке жасағымен келіп, күні бұрын әзірленген үйге түседі. Дастарқан жайылып, дәм әкеліне басталғанда Әлеке: – алдымен Тұрланның жанын алып, қанын ішпей тұрып дәм татпаймын, Тұрланды алдыма алып келіндер, – деп әмір етіп, дастарқанды түріп тастай бергенде қару-жарағымен Тұрланның өзі кіріп келіпті.

Әлеке сасып қалып төрелігін айтындар дегендей қасына ертіп келген үш ақылшы билерінің біреуіне қарайды. Осы кезде Айтуар би ортаға шығып, Әлекеге қарап: Алдияр тақсыр, хан ием, сізден бір сұрайтыным бар еді, – дейді. Әлеке: Сұра, - деп рұқсат етеді. Сонда Айтуар: Алдияр тақсыр, хан ием, қара жерге халық ие, қара халыққа хан ие деген аталық жора бар, жерге ие боласыз ба, әлде халыққа ие боласыз ба? – дейді. Сонда Әлеке: төре тұқымы халыққа ие болады депті. Айтуар: Төрене құлдық хан ием, олай болса жер Тұрландікі, Дәулетқалидың істеп жүргені озбырлық – депті.

Сонда Әлеке Дәулетқалиға қарап ақырып: Жетесіз, оңбаған неме, қара жерге ие болам деп халықтан айырылайын деп пе едің, – деп ұрсып, жер Тұрландікі деген билікке бас иеді. Мұрат ақын «Сарыарқа» атты толғауында:

Хан ұлы, қара қазақ жиналғанда  
Құдайым Айтуарды демеп еді, – дегенде Айтуардың осы билігін айтқан.

Он екі ата Байұлының бірі Беріштің Байбақты деген баласынан Әсілбас, Шақай, Құсылбас туады. Әсілбастан Себек пен Жанбырша туады. Бұл атадан тарағандар өздерін «Себек-Берішпіз» деп атайды. Айтуар осы Себектің Сары деген аталығынан шығады, өз әкесінің есімі Үсен. Айтуар 1783 жылы туып, 1856 жылы 73 жасында дүниеден өтеді. Зираты осы күнгі Махамбет ауданы «Зауральный» совхозының шығыс жақ сыртында «Алтын» деп аталатын қауымда [3].

Берік Қорқытов еңбектеріндегі билер өмірі – далалық мәмілегерлік пен шешендік өнердің үлгісі. Ол билерді ел арасындағы дауды шешуші ғана емес, хан мен халық арасындағы алтын көпір, мемлекеттің ішкі тұрақтылығын сақтаушы ретінде атап өтеді.

Берік Қорқытов билердің сөйлеу мәнеріне, шешендік оралымдарына үлкен мән берген. Сондықтан оның туындыларындағы тұлғалар бейнесі тарихи шындықтан алшақтамай, керісінше, сол кезеңнің шынайы болмысын ашып береді. Би мен хан арасындағы, би мен батыр арасындағы диалогтар арқылы биліктің жауапкершілігін көрсетеді. Ол өлке тарихына қатысты жергілікті жердегі көнекөз қариялардан алынған ауызша тарихты жазбаша деректермен салыстыруға мән берді. Бұл оның өлкетанушылық бағытының ғылыми объективтілігін арттырды. Берік Қорқытовтың мұрасын зерттеу – өлке тарихының беймәлім тұстарын ұлықтаумен тең.

## **ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:**

1. Атырау облыстық мемлекеттік архиві қ. 238, т.2, іс 10

2. Атырау: Энциклопедия. – Алматы: Атамұра, 2000. – 384 бет

3. Қорқытов Б. «Атыраудың билері мен батырлары» – Алматы: «Өлке», 1992. – 126

бет